Калымбетова Айгуль Рахмановнаның «8D04114 Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия . докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстандағы жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджеті: институттары, механизмдері және перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің **жазбаша пікірі**

| № | Критерийлер | Критерийлерге сәйкестік (жауаптардың бір нұсқасын атап өту қажет) | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбы (оны бекіту күніне сәйкес) ғылымды дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді | Ғылымды дамытудың басымды бағыттары немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Зерттеу тақырыбы ғылымның дамуының басым бағытына сәйкес келеді және теориялық-практикалық жағынан өте өзекті болып табылады. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номері);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация ҚР Үкіметі жанындағыф жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының сәйкес (бағытын көрсету) | Бұл диссертациялық зерттеу нақты ғылыми жоба мен бағдарлама шеңберінде орындалмаған.<br>Диссертация бірқатар мемлекеттік бағдарламалардың міндеттерін іске асыру мақсатында орындалды:<br>- «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. № 5 басымдығы - Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту.<br>- Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы.<br>3-міндет. Ашық үкімет<br>Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы. ҚР Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 639 Жарлығы. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | <u>Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады</u>/қоспайды және оның | Диссертациялық жұмыстың нәтижесі жергілікті өзін –өзі басқарудың отандық тәжірибесі аясында дербес бюджетті басқаруға, әсіресе үздіксіз жетілдіруге өзіндік үлесін қосады. Зерттеудің маңыздылығы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | . | маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған | диссертацияда көрсетілген әдістері ауылдық округтер бюджеті мысалында ашып көрсетілген. Зерттеудің кейбір нәтижелерінің маңыздылығы теориялық және тәжірибелік тұрғыдан маңыздылығы ашылған болып табылады. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы жеткілікті дәлелденген. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары:<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Жұмыстың мазмұнын талдау диссертацияның өз бетінше, жоғары кәсіби деңгейде жазылғанын көрсетеді. Диссертацияның ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және тәжірибелік маңызы бар. Жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Диссертациялық жұмысты орындау барысында дербестік принципі сақталған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертациялық жұмыста тақырыптың өзектілігі толық негізделген. Себебі қазақстандық тәжірибеде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін қалыптастыру, жүзеге асыру мәселелері өз шешімін таппағандықтан арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет деп санайды. Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетінің трансферттерге тәуелділігі, дербес бюджетті жоспарлау мен үйлестірудің тиімсіздігі, төртінші деңгейлі бюджет шығыстарының меншікті табыстармен қамтамасыз етілуінің төмендігі, бюджетті басқарумен байланысты мәселеге қатысты жергілікті тұрғындардың белсенділігінің төмендігі осы тақырыптың қазіргі таңда өзектілігін анықтайды. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) айқындайды;<br>2) жартылай айқындайды<br>3) айқындамайды; | Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын толығымен айқындайды. Жұмыс үш бөлімнен тұрады және әр бөлім бөлімшелерден құралған. Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне жетуге бағытталғаны айқын көрініп тұр. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері және диссертацияның барлық бөлімдері диссертациялық зерттеудің тақырыбымен байланысты.<br>Бірінші тарауда, жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетінің ролі, маңызы, институционалдық негіздері мен дербес бюджетті бсқарудың шетелдік тәжірибесі қарастырылған.<br>Екінші тарауында ҚР бюджеттік бейорталықтандыру Түркістан облысының ауылдық округтерінің төртінші деңгейлі бюджеттерін экономикалық зерттеу әдістерімен талдау жасап, жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін басқаруға азаматтардың қатысуын бағалау қарастырылған. |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| . | | . | Үшінші тарауында ҚР-да жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін жетілдіру перспективалары ретінде салық .салу базасын нығайту, жергілікті өзін өзі басқарудың тәуелсіз бюджетін басқаруға азаматтарды тарту, коммуналдық меншікті басқаруды оңтайландыру бойынша ұсыныстар берілген. |
| | | 4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) <u>сәйкес келеді;</u><br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес.<br>Зерттеудің мақсаты - жергілікті бюджеттің салық салу базасын кеңейту, бюджет қаражаттарын пайдаланудың тиімділігін арттыру, бюджетті басқаруға тұрғындардың қатысу тетігін қамтамасыз ету жолымен жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау. Докторант жұмыстың мақсатына сәйкес қойылған міндеттерді шешу арқылы ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. |
| | | 4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) <u>толық байланысқан;</u><br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ. | Диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдары қисынды түрде <u>толық бір-бірімен байланысты</u> және бір-бірінен дәйекті түрде туындайды. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы, алға қойған мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, жұмыстың жалпы мазмұны таңдалған тақырыптан ауытқымай қорытындысымен үйлесімділікті сақтай отырып орындалған. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) <u>сыни талдау бар;</u><br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. | Автормен ұсынылған барлық шешімдердің жаңалығы бар. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерге толық талдау жасалған. Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін басқаруды жетілдіру үшін, оның өзектілігі мен маңыздылығы негізделген. Сыни талдау бар. Ізденуші жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін тиімді басқарудың отандық және шетелдік ғылыми еңбектеріндегі тұжырымдамаларын, ресми бектілігген құжаттардағы ережелерді сыни тұрғыдан талдай отырып, диссертациялық зерттеудің мазмұнын айқындайтын тұжырымдар жасаған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? | Ғылыми нәтижелер мен қағидаттарды <u>75%</u> деңгейіндегі айтарлықтай жаңа деп бағалауға болады, себебі автор зерттеу барысында осыған дейін дәйектелген теориялық-әдіснамалық тұжырымдарға бейімдеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | принципі | 1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа):<br>3) жаңа емес (25% - дан кемі жаңа болып табылады) | жасаған. Жаңа ғылыми нәтижелер ретінде келесілерді атап өтуге болады:<br>**Бірінші нәтиже** жаңа, себебі жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетінің кіріс және шығыс көрсеткіштерін талдау нәтижесінде, дербес бюджеттің трансферттерге тәуелділігі анықталып, тәуелсіздігін арттыру мақсатында қосымша салықтарды беру арқылы салық салынатын базаны кеңейту ұсынылған.<br>**Екінші нәтиже** жаңа болып табылады. Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін басқаруға азаматтарды тартудың жаңа механизмі ретінде мобильды қосымшамен байланыстырылған электронды портал енгізу ұсынылды.<br>**Үшінші нәтиже** жаңа болып табылады. Жергілікті өзін өзі басқарудың коммуналдық мүлікті басқаруды жетілдіру мақсатында жекешелендіру, коммуналдық мүлікті пайдалануға беру, оны есептен шығару және ведомстволық бағынысты ұйымдардың балансына қою мәселелері бойынша шешімдер қабылдау жергілікті өзін өзі басқару органдарының құзыретіне жатқызылуға тиіс екені тұжырымдалды. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (25% - дан кемі жаңа болып табылады) | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Өйткені бұл диссертациялық жұмыс төртінші деңгейлі бюджетті басқару тиімділігін арттыру бойынша алғашқы жұмыстардың бірі болып табылады. Диссертация қорытындысында дербес бюджеттердің салық салу тетігін жетілдіру, коммуналдық меншікті басқару, азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін басқаруға қатысуы бойынша ауылдық округтердің кірісін жоспарлау мен бюджеттік қамтамасыз етілуін реттеуді іске асыруға мүмкіндік беретін әдістердің жиынтығы ретінде практикалық ұсыныстар әзірленді. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?:<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (25% - дан кемі жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыста техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Себебі жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін басқаруды жетілдіру үшін жаңа басқару шешімдері мен ұсыныстар жасалған. Сондықтанда диссертациялық жұмыста ұсынылған шешімдер өзекті болып табылады. |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | Негізгі қорытындылардың дәлелділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Барлық негізгі қорытындылар қазіргі заманғы экономикалық ғылымның тиісті әдістемелік құралдарың қолдана отырып, ғылыми тұрғыдан салмақты <u>дәлелдерге</u> <u>негізделген</u>, нәтижесінде төртінші деңгейлі бюджетті тиімді басқару бағытындағы ұсыныстары ғылыми дәйектелген. Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген және диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны ғылыми жарияланымдарда көрініс тапқан. |
| 7. | Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) <u>дәлелденді;</u><br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) иә;<br>2) <u>жоқ.</u><br>7.3 Жаңа ма?<br>1) <u>иә;</u><br>2) жоқ.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) <u>кең.</u><br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) <u>ия;</u><br>2) жоқ. | Қорғауға шығарылған барлық тұжырымдар <u>дәлелденген</u>.<br>Диссертациялық зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынылатын 3негізгі ережелері бар, олар төмендегідей жауаптарға ие:<br>– әр тұжырымы дәлелденген;<br>– тұжырымдары тривиалды емес;<br>– тұжырымдары жаңа;<br>– тұжырымдардың қолдану деңгейі кең;<br>тұжырымдары 5 мақалада дәлелденген. Скопус (Scopus) компанияларының мәліметтер базасына кіретін 2 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған экономикалық басылымдарда 3 ғылыми мақала жарияланған |
| 8. | Дәйектілік принципі.<br><br>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:<br>1) <u>ия;</u><br>2) жоқ. | Диссертациялық жұмысты орындау барысында қолданылған әдістеме нақты көрсетіліп, толығымен сипатталған. Таңдалған зерттеу әдістері алға қойылған мақсат пен міндеттерге және алынған нәтижелерге сәйкес келеді |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы | Диссертациялық жұмыстың нәтижелеріне қол жеткізуде компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістер мен статистикалық деректерді өңдеу әдістерін <u>кеңінен</u> |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) иә;<br>2) жоқ. | қолданған |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген)<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Диссертацияда жасалған теориялық қорытындылар мен тұжырымдар экономикалық, модельдеу, сараптамалық бағалау, салыстырмалы талдаулар мен дәлелденді және расталды. Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар әлеуметтік сауалнама мен сараптамалық сұхбат барысында расталды. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/ расталмаған | Диссертацияда жасалған маңызды мәлімдемелер мен пайдаланылған деректер мәтінде келтірілген нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі, әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста тақырыпқа сәйкес 118 дереккөзден пайдаланылған. Оның ішінде отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Жалпы алғанда орындалған диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы өте жоғары. Зерттеудің теориялық маңыздылығы зерттеу нәтижелерін өзекті ақпарат көздері ретінде және дербес бюджетті басқару тақырыбы бойынша концептуалды қорытындыларды пайдаланумен анықталады. Теориялық-әдістемелік тұрғыдан зерттеудің өзіндік маңызы бар. |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) <u>иә;</u><br>2) жоқ. | Диссертациялық зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген ғылыми жаңалықтардың практикалық маңызы бар, және алынған нәтижелерді практикада кеңінен қолдануға мүмкіндігі бар.<br>Бұл зерттеуді ауылдық округтердің төртінші деңгейлі бюджетін басқару барысында қолдану мүмкіндігі бар. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) <u>толығымен жаңа;</u><br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% - дан кемі жаңа болып табылады) | Тәжірибеге арналған ұсыныстар <u>толығымен</u> жаңа болып табылады. Жергілікті өзін өзі басқару органдарына төртінші деңгейлі бюджетті басқару тиімділігін арттыруға жаңа ұсыныстар береді. |
| 10. | Жазу және рәсімдеу сапасы | 10.1 Академиялық жазу сапасы:<br>1) <u>жоғары;</u><br>2) орташа;<br>3) орташа деңгейден төмен. | Диссертацияның академиялық жазылу сапасы <u>жоғары</u> деп бағалауға болады. Себебі, оның мәтіні қарапайым және түсінікті тілде жазылған және құрылымы айқын. Диссертациялық зерттеуде ғылыми аппарат анықталған және оның мазмұнында логикалық тізбектілік толық сақталған. |

Қорытынды

Жоғары айтылған жазбаша пікірімді қорыта айтқанда, диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады және қолданбалы ғылыми-тәжірибелік нәтижелерден тұрады. Калымбетова Айгуль Рахмановнаның «Қазақстандағы жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджеті: институттары, механизмдері және перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінде» диссертацияға қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы 8D04114 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент: э.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Esil University «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі — Лукпанова Жанар Оралхановна

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
Қызметкерлер басқармасының бастығы
" " 20___ ж.